

Жедел талдау қаржылық нәтиже және қаржылық жағдайдың анағұрлым тереңірек және бөлшектеп талдауының мақсаты мен қажеттілігі туралы қорытындымен аяқталуы мүмкін.

Қаржылық жағдайды бөлшектеп талдаудың мақсаты – шаруашылық етуші субъектінің мүліктік және қаржылық жағдайын, өткен есепті кезеңдегі оның қызметінің нәтижесін, сондай-ақ келешектегі субъектінің даму мүмкіншілігін анағұрлым жетік сипаттау. Ол жедел талдаудың жекелеген процедураларын нақтылайды, толықтырады және кеңейтеді. Сонымен қатар бөлшектеудің деңгейі талдаушының қалауына байланысты.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдауды қолданылатын негізгі көрсеткіштердің қысқаша сипаттамасын келесі бөлімде көрсетеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Комплексный экономический анализ предприятия / Под ред. Н.В.Вотоловского, А.П.Калининой – СПб.: Питер, 2010.
2. Өтебаев Б.С. Қаржылық талдау. Оқулық. – Астана: ҚазЭҚХСУ, 2008.
3. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2016.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
4. Крейнина М.Н. Финансовое состояние предприятия. Методы оценки. – М.: ИКЦ «Дис», 2006. – 224 с.
5. Балабанов И.Т. Анализ и планирование финансов хозяйствующего субъекта: Учебное пособие. – М.: Финансы и статистика, 2006. – 461 с.

Қазақстанды цифрландырудың бір элементі ретінде онлайн бақылау-кассалық машина

М.Б. Садуақасова¹, Л.А. Темірбекова²

^{1,2}Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының аға оқытушылары, э.ғ.м.
marhabat77@mail.ru, adiya77@mail.ru

^{1,2}Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: берілген мақалада Қазақстанда цифрландырудың қазіргі мәселелері, оның ішінде онлайн бақылау-кассалық машиналарды қолданудың шарттары мен талаптары қарастырылды. Сонымен қатар елдегі қолданыстағы бақылау кассалық машиналарға талдау жасалып, оларды қолдану тәртібі келтірілді.

Кілтсөздер: цифрландыру, бизнес, кәсіпкер, кассалық операция, онлайн бақылау-кассалық машина, қолма-қол ақша.

Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарламаның мақсаты сандық технологияларды пайдалану есебінен экономиканың даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» жолдауында көлеңкелі экономикаға қарсы тұруды күшейтуді, салық төлеуден жалтаруға қарсы күресті күшейтуді тапсырды. Соған байланысты Үкімет пен салалық министрліктер бірқатар кешенді шараларды жүзеге асыруда, олардың бірі онлайн режимде деректер беретін бақылау-кассалық машиналарды енгізу.

Сату немесе қызмет көрсету арқылы ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыратын бизнестің кез-келген түрін атқаруда табыстарды есепке алу қажет. Осы мақсатта заңнамада кәсіпкерлерді нақты жағдайларда БКМ қолдануды міндеттейтін ережелер қарастырылған.

Қазақстан Республикасының территориясында ақшалай есеп айырысулар, егер ҚР Салық Коллексімен өзгеше белгіленбесе, бақылау-касса машиналарын (БКМ) міндетті қолданумен жүргізеді [1].

Онлайн-БКМ қолдану бойынша талап ортақ пайдаланатын телекоммуникация желілері жоқ территорияларда қызмет жасайтын салық төлеушілерге қойылмайды.

Онлайн-БКМ - салық органдарына деректерді онлайн-тапсыру мүмкіндігі бар бақылау-кассалық машина. Кассалық аппарат ақшалай есеп айырысулар кезінде пайдаланылады.

Онлайн кассалық аппарат қолданатын барлық кәсіпкерлер қолма-қол ақшаларды есепке алу кітабын жүргізбеуге болады. Қолма-қол ақшаларды есепке алу кітабының күшін жою Салық Кодексінің 167 бабында қарастырылған.

Мәліметтерді онлайн жіберетін жаңа кассалық аппараттар Мемлекеттік кірістер басқармасында ғана емес, сонымен қатар Қазақтелекомда да тіркеледі. БКМ тіркеу ФДО (oofd.kz) порталында онлайн жасалады. Кассада тауардың өтуі есепке алынған сәтте сату туралы мәліметтер фискалды деректер операторына (ФДО) жөнелтіледі. ФДО міндеті - бұл деректерді қабылдау, сақтау, жүйелеу және Мемлекеттік кіріс органдарына жіберу. ФДО сонымен қатар деректерді беру қауіпсіздігін қамтамасыз етеді: кассалық операциялар туралы мәліметтер қорғалған арна бойынша түседі.

Қазақтелеком фискалды деректерді беру және сақтау қызметтерін ұсынатын оператор болып табылады. Қазақтелекомда тіркелу кезінде ФДО порталына (бұл Қазақтелекомның сайты) кіру мүмкіндігі беріледі, бұл сайтта кәсіпкер кассалық аппаратын көре алады. Әр ауысым, ауысымды жабу, X және Z есептерді көре алады. Демек, кез келген уақытта оларды сақтауға немесе басып шығаруға болады.

2020 жылдан бастап ақша айналымымен қатысы бар барлық кәсіпкерлер онлайн-БКМ қолдануға міндетті. Бұл 2018 жылғы 27 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Салық төлеушілер Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асырғанда ақшалай есеп айырысулар кезінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданатын қызмет түрлерін бекіту туралы» № 1029 бұйрығында қарастырылған. Аталған бұйрықта 2019 жылдың ағымында онлайн-бақылау-кассалық машинаны қолданатын салық төлеушілер қызметтерінің түрін тоқсан сайын кеңейту қарастырылды.

2019 жылдың ішінде тоқсан сайын 633 қызмет түрі онлайн-БКМ қолдануға ауыстырылды:


- 2019 жылдың 1 сәуірінен – 323 қызмет түрлері;
- 2019 жылдың 1 шілдесінен 86 қызмет түрлері;
- 2019 жылдың 1 қазанынан – 224 қызмет түрлері.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ашық сауда нарықтарында стационарлы емес сауда объектілері арқылы арнайы салық режимін қолданатын шағын бизнестің кәсіпкерлері мәліметтерді беру қызметімен БКМ пайдалануға міндетті.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап патент негізінде арнайы салық режимінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер де жаңа БКМ пайдалану қажет.

Онлайн-БКМ интернетке қосылады және ақшалай операциялар туралы мәліметтерді ФДО-ына жібереді.

1-суретте Онлай-БКМ түрлері қарастырылды.



Сурет 1. Онлай-БКМ түрлері

Нарықта онлайн-БКМ ұсынысы бағаларымен және абонеттік төлем мөлшерімен ерекшеленеді. Бірақ бағдарламалық, әлде аппараттық БКМ пайдаланған дұрыс па деген сұраққа бір жақты жауап алу мүмкін емес. Екі әртүрлі онлайн-БКМ бір-бірінен нақты ерекшеліктері жоқ, сондықтан оны тандауда өз ісіне нақты қолайлысын алған жөн.

Төменде 1-кестеде ҚР-да қолданылып жүрген бірқатар бағдарламалық онлайн-БКМ қарастырылды:

Кесте 1

Бағдарламалық онлайн-БКМ түрлері

Түрлері	Айына сервистік қызмет көрсету құны, тг	Прокатка шығарылған күні	Көлемі, Мб	Жүктелінгені	Қолданушылардың берген бағасы
---------	-----------------------------------------	--------------------------	------------	--------------	-------------------------------

reKASSA	тегін	11.06.2019 ж.	5,3	100 000-нан жоғары	4,6
LightKassa	2300-ден бастап	04.01.2019 ж.	5,3	5000-нан жоғары	4,0
SmartOnline KKM	990 теңге	10.07.2018 ж.	2,9	1000-нан жоғары	4,1
Webkassa	2458-ден бастап	22.01.2018 ж.	32	10 000-нан жоғары	3,8
Nurkassa.kz	2450-ден бастап	04.09.2019 ж.	5	5 000-нан жоғары	4,0
Е с к е р т у – көздер бойынша автормен құрастырылған [2]					

2- суретте БКМ-қосымшаны орнатуда болатын кәсіпкердің шығындары келтірілді:



Сурет 2. БКМ-қосымшаны орнатуда кәсіпкердің шығыны

Төменде салық органына БКМ есепке қоюға байланысты талаптар келтірілді:

Кесте 2

БКМ-сын есепке қою үшін салық органына тапсырылатындар

Мәліметтерді тіркеу және беру қызметімен БКМ (аппараты-бағдарламалық кешендерден басқасы) үшін	Мәліметтерді беру қызметі бар аппаратты-бағдарламалық кешен болып табылатын БКМ үшін	Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ территорияларда қолданылатын, мәліметтерді беру қызметі жоқ аппаратты-бағдарламалық кешен болып табылатын БКМ үшін	Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ территорияларда қолданылатын, аппаратты-бағдарламалық кешендерден басқа, мәліметтерді беру қызметі жоқ БКМ үшін
- салық органына БКМ есепке қоюға өтініш			
- Салық төлеуші туралы мәліметтері бар БКМ	- Аппаратты-бағдарламалық кешеннің қызметтік мүмкіндіктері мен ерекшеліктерінің қысқаша сипаттамасы	- салық төлеуші туралы мәліметтері (оларды фискалды режимді орнатпай енгізу мүмкін) бар БКМ	
- Номерленген, тігілген, салық төлеушінің қолы және (немесе) мөрі қойылған тауарлық чектер кітабы	«Салық инспекторының жұмыс орны» модулін пайдалану бойынша нұсқаулық	Номерленген, тігілген, салық төлеушінің қолы және (немесе) мөрі қойылған қолма-қол ақшаны есепке алу кітабы және тауарлық чектер кітабы	
Е с к е р т у – көздер бойынша автормен құрастырылған [3]			

Онлайн-БКМ пайдаланудың ерекшеліктері:

- Қазақстанның кез-келген жерінен тез қосылу;
- 72 сағаттың ішінде ФДО-мен байланыссыз офлайн жұмыс істеу;
- кез-келген құрылғыдан қосылу;
- қолма-қол ақша есебінің кітабын жүргізу қажет емес;
- касса бойынша тақырыптық салықтық тексерістің жоқтығы;
- 1С-пен интеграцияның мүмкіндігі;
- «ескі үлгідегі» БКМ қарағанда пломба қойылмайды.

БКМ қолданбағаны үшін Қазақстанда келесі мөлшерле айыппұл ретінде әкімшілік жауапкершілік қарастырылған:

- шағын кәсіпкерлік субъектілері, жеке нотариус, жеке сот орындаушылары үшін - 15 АЕК (2020 жылға 39 765 теңге);
- орта кәсіпкерлік субъектілері үшін - 30 АЕК (2020 жылға 79 530 теңге);
- ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін - 50 АЕК (2020 жылға 132 550 теңге).

Сонымен, цифрлық экономика - бұл қоғамның экономикалық дамуының сапалы жаңа кезеңі. Қазіргі уақытта цифрландыру жалпы әлемдік тренд болып табылады және цифрлық сервистер барлық салаларда табысты енгізілуде. Берілген уақытта заманауи технологиялар мен электрондық коммерцияны қолданбай ғылыми-техникалық прогресті қалыптастыру қиын.

Әдебиеттер тізімі

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ// adilet.zan.kz
2. Play Market қосымшасы
3. Бақылау-касса машиналарын (БКМ) есепке қою және есептен шығару //egov.kz

Жаһандану жағдайында инвестициялық қызметті талдаудың дамуы

Е.Н. Сапарғалиев

Есеп және аудит мамандығының I курс магистранты

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы

Түйіндеме: мақалада жаһандану жағдайында инвестициялық қызметті талдаудың дамуы қарастырылған. Жаһандану рөлінің кең ауқымда пайдалана бастағандығына байланысты жаһандану мәселесі барлық әлемдегі ғылыми және ғылым маңайындағы іздестірудің құралына айналды. Жаһандану жағдайында инвестициялық қызмет қатысушыларының әрекет ету себебін айқындайтын негізгі спекторлардың негізгі орнын тікелей шетел инвестициялары алады, олар мемлекеттердің экономикалық даму механизмі мен көрсеткіштеріне әсер ететін инвестициялардың деңгейі мен нысанын анықтауға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: инвестиция, жаһандану, талдау, капитал, стратегия, экспорт, бәсеке, импорт, табыс, корпорация.

Өткен және қазіргі заманғы ғасырға назар салатын болсақ, жаһандану әлем шаруашылығы дамуының бірден-бір мықты беталысы болып табылады. Бұл жағдайдың жоғары дәрежедегі беталысы көптеген ғылыми-зерттеушілік мақалалар, сондай-ақ әлемдік экономика мен халықаралық экономикалық қатынастар туралы көптеген оқулықтардың шығуына негіз болды. Жаһандану рөлінің кең ауқымда пайдалана бастағандығына байланысты жаһандану мәселесі барлық әлемдегі ғылыми және ғылым маңайындағы іздестірудің құралына айналды. Сонымен қатар, «экономиканы жаһандандыру» сияқты принциптік категориялардың мәні мен мазмұны, олардың пайда болуы мен даму келешектері, позитивтік және негативтік әсерлері, Қазақстан және басқа да мемлекеттер экономикасына әсері анық байқалады, сондай-ақ, экономиканы жаһандандырудың қиыншылықтары мен қарама-қайшылықтары бір мағынада талданады деп айту қиын.

Жаһандану – бұл тек қана үрдіс емес, сондай-ақ әлемдік шаруашылықтың жағдайы, яғни қалыптасқан феномендердің бір-бірімен тығыз байланысы.